

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған
Камалова Фәриде Болатқызының
«Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» тақырыбында
жазылған диссертациялық жұмысына ресми**

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінгі таңдағы дүниежүзілік жаһандану үрдісі, ақпараттық технологияның қарқынды дамуы, қоғамдағы индустрологияның іске асырылуы, әлемдегі саяси-мәдени, әлеуметтік өзгерістердің орын алуды, білім, ғылым, техниканың дамуы еліміздегі әрқылы рухани және әлеуметтік жағдайларға жаңаша көзқараспен қарауды талап етіп отыр.

Диссидентант Ф.Б. Камалованың қарастырып отырған «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» мәселесі дінтану ғылымында зерттеліп отырған жаңа тақырып. Қазақстанның киелі жерлері мәселесі ұзақ уақыт бойы археологиялық, этнографиялық, тарихи-мәдени теория шеңберінде ғана қарастырылып келді. Алайда қазіргі кездегі әлеуметтік сұраныстар, пәнаралық байланыс және елдің рухани жаңғыру аясындағы көзқарастар аталған тақырыптың дінтанулық қырларын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бірнеше мәселелермен айқындалған: біріншіден, дінтану ғылымының зерттеу алаңына ұсынылып отырған жаңа тақырып. Екіншіден, киелі жерлерді анықтауда негізгі қағидалары айқындалады. Үшіншіден, Қазақстанның діни және ғибадат орындары діни-феноменологиялық түрғыда жүйеленіп, дінтанулық талдау жасау барысында өзіндік класификациясы ұсынылады. Төртіншіден, Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі тартымдылығы мен танымалдығын қалыптастыруға бағытталған ішкі және сыртқы туризмнің жүзеге асырылуымен анықталады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасымен, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Қазақстанның киелі жерлер географиясы», «Туган жер», «Ұлы даланың жеті қыры» жобаларымен тығыз байланыстырады.

Диссидентант Ф.Б. Камалованың еңбегі еліміздің рухани даму саласына өзіндік үлесін қосатын теориялық туынды және өмірлік бағдар болады. Заманауи мәселелер мен еліміздің рухани даму талаптарын қанағаттандыратын еңбек болғандықтан, диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми құнды туынды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны үш тарауда көрсетілген және олардың әрқайсысы екі тараушадан құралған. Зерттеу мақсатына сәйкес

міндеттердің шешімін табу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді:

Бірінші ғылыми нәтижеде киелі, қасиетті, сакралды ұғымдарына мазмұндық талдау жасалып, оның дәстүрлі қазақтың жалпы дүниетанымы, дін мен діл ерекшеліктеріне байланысы айқындалып, аталған ұғымдардың ең алдымен ежелгі қазақтардың діни сенімі – ата-баба культі, ата-баба рухын құрметтеу, аруактарға сенумен байланысты негізделді.

Екінші ғылыми нәтижеде Қазақстандағы киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен класификациясы анықталды.

Үшінші ғылыми нәтижеде Қазақстанның діни және ғибадат орындары аталағын киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалынды, өзара сабактастыры ашылды.

Төртінші ғылыми нәтижеде киелі жерлерге дінтанулық талдау жасау барысында зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде жасалған жеке класификациясы ұсынылды.

Бесінші ғылыми нәтижеде рухани жаңғыруда киелі жерлердің ұлттық кодты нығайтудағы маңыздылығы айқындалды.

Алтыншы ғылыми нәтижеде Қазақстанның жаһандану үрдісіндегі ұлттық бірегейлігін сақтап қалудағы киелі жерлердің орны мен рөлі көрсетілді.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші тұжырымы нақты әрі жан-жақты негізделген. «Киелі жер» ұғымы тереңнен зерттеліп, қарастырылған. «Киелі жер» ұғымының және оның мәнін анықтайтын қосымша «киелі», «қасиетті», «сакралды» ұғымдарының функционалдық қырлары нақты талданып көрсетілген. Аталмыш ұғымдарды негіздеу барысында теориялық маңызды дереккөздерге және заманауи ғылыми әдебиеттер мен мақалаларға жүгінген.

Екінші тұжырымы нақты және дәлелденген деп бағалаймын. Киелі жерлерді анықтаудың негізгі принциптері мен класификациясын жан-жақты қарастырған. Киелі жерлердің класификациясын жасауда еліміздегі қасиетті-киелілер туралы азыз-әңгімелерге жүгінген және оларды зерттей отырып иемденген киелі жерлерге байланысты, мазарлардың танымалдылығына байланысты жеке-жеке бөліп қарастырған.

Үшінші тұжырымының дәйектілігі нақты көрсетілген. Қазақстанның діни және ғибадат орындарын екі топқа бөліп қарастырған: 1) діни сипатта жасалынған зиярат мекендері; 2) ұлттық сипатта жасалынған зиярат мекендері. Осы екі топ негізінде оларды киелі кеңістік, киелі уақыт, киелі адам, киелі іс-әрекет, киелі нысан категориялары тұргысында талданған.

Төртінші тұжырымында нақты және дәлелденген нәтижелер көрініс тапқан. Қазақстанның киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасау барысында зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде бөлек класификациялар топтастырылған. Ол топтама дәйектелген мәліметтерге сүйене отырып жасалған.

Бесінші тұжырымы шынайлығы жоғары дәрежеде болып табылады. Бұл жерде киелі жерлердің ұлттық кодты жаңғыртудағы рөлі мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылған.

Алтыншы тұжырымы да нақты және дәлелденген. Зерттеудің ғылыми нәтижелерін ішкі және сыртқы туризм индустрисының дамуына пайдалануға болатындығын қарастырған. Бұл туризмнің ерекшелігі – тәлімдік-тәрбиелік мәні мен тұган жер тарихымен танысуға, жастарға патриоттық сезім тудыруға бағытталғандығы көрсетілген.

4. Ізденушіндегі диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтижесе қазақстандық дінтану саласындағы ғылыми зерттеу кеңістігі үшін жаңа болып саналады, себебі, диссертант киелі ұғымына теориялық-әдіснамалық және діни дүниетанымдық тұрғысынан дінтанулық, діни-феноменологиялық талдау жасаған және өзінің тың ойлары мен тұжырымдамаларын ұсынған.

Екінші ғылыми нәтижесе дінтану ғылымының теориялық негізdemесіне қосылған жаңа тұжырым болып табылады. Археологиялық, этнографиялық, өлкетанулық, мәдениеттанулық зерттеулер негізінде анықталған авторлар мен олардың қағидасы дінтанудың ғылыми кеңістігін көңейтіп тұр.

Үшінші ғылыми нәтижесе салыстырмалы жаңа болып саналады. Қазақстанның негізгі киелі жерлеріне дінтанулық талдау жасалынып, киелі категориялары бойынша жеке-жеке зерттеліп, қарастырылған. Және осы категориялар арқылы мазарлардың табиғильтіктері мен жасандылығы айқындалған.

Төртінші ғылыми нәтижесе жаңа болып табылады. Себебі, шетелдік тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасау арқылы диссертант зерттеу жұмысының нәтижесінде Қазақстанның киелі жерлеріне өзіндік класификация жасаған.

Бесінші ғылыми нәтижесе салыстырмалы тұрде жаңа. Қазақстанның киелі жерлеріне дінтанулық талдау әлеуметтік сұранысқа ие болғандықтан қоғамдық сана мен ұлттық бірегейліктің қалыптасуына, оның жаңғыруына және халықтың рухани ізденісіне әсерін бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістерге үйлестіре отырып талқыланған.

Алтыншы ғылыми нәтижесе жаңа болып саналады. Себебі, автор Қазақ елінің әлемдік аренада және халықаралық мәдени кеңістікте тартымды және танымал болуының ең маңызды көзі ретінде діни туризмді қарастырады. Сондай-ақ осы ғылыми жұмыстың нәтижесін туристерге арналған анықтамалық кітапша ретінде пайдалануға беру мақсат етілген.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертант Ф.Б. Камалованың зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдамалары мен ғылыми нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы жоғары деп айтуда толық негіз бар. Шын мәнінде зерттеудің теориялық құндылығы – диссертация тақырыбы қазақстандық дінтану ғылымында көтерілген алғашқы еңбек болуы. Аталған тақырыпты әрі қарай

зерттеу үшін диссертацияда берілген теориялар мен қағидалар негіз бола алады.

Диссертациялық зерттеу еліміздегі киелі жерлерді ғылыми-теориялық тұжырымдауға бағытталған алғашқы еңбектердің бірі екендігін ескерсек, зерттеу нәтижелері дінтану, мәдениеттану, философия, өлкетану, әлеуметтану саласындағы ізденістер мен арнайы элективті курстар оқытуда қолданыс таба алады. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың белгілі бір деңгейде теориялық және тәжірибелік нәтижесі ретінде дінтанушылар мен исламтанушылар, туризм мамандықтарыңын дайындау бойынша арнаулы курсарда, киелі жерлерге байланысты әртүрлі бағдарламаларда қолдана алады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 16 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 2 ғылыми мақала, «Әл-Фараби» журналында – 1 мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 5 ғылыми мақала (оның ішінде 1 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Ф.Б. Камалованаң диссертациялық зерттеу жұмысы жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде жазылған. Соған қарамастан жұмыста аздаған кемшіліктер кездеседі.

Біріншіден, стилистикаға байланысты айтарым, мәтінде ұзақ күрделі құрмалас сөйлемдер көп кездеседі. Олар айтылған ойды толық түсінуде бірқатар кедергілер тудырады.

Екіншіден, сипаттау жақсы жасалған, алайда практикалық маңыздылығын одан әрі арттыру үшін сауалнамалық немесе кейс-стадиялық жұмыстар жүргізілсе жақсы болар деп ойлаймын. Эрине, тәжірибелік зерттеу әдісін таңдау автордың өзінің жеке көзқарасы. Болашақта диссертант өзінің зерттеу жұмыстарында қолданады деп сенемін.

Алайда жоғарыда аталған кемшіліктер зерттеу жұмысын жазу барысында және қойылған мақсатқа жетуіне кедергі келтірмейді. Сондай-ақ жұмыстың мазмұнына және ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді. Зерттеу жұмысына берілген ұсыныстар мен кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Ф.Б. Камалованың қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті. Жұмыс толық аяқталған және өзінің көздеген мақсатына жеткен. Диссиденттің өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссиденттың зерттеу жұмысы қазақстандық дінтану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуда болады.

Ф.Б. Камалованың «Қазақстанның киелі жерлері: дінтанулық талдау» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БФМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Фәриде Болатқызы Камалова «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сыйніктер беруші:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
сақрататын және олеуметтік-философиялық
пәндер кафедрасының профессоры,
философия науымдарының докторы

